

Ж. Ж. ҚОЖАМҚҰЛОВА, А. Н. НУСПЕБЕКОВА

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан)

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚЫТУ

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орнында оқытудың интербелсенді әдістері мен формалары қарастырылған. Сонымен бірге мақалада заманауи технологиялардың дамуы негізінде әртүрлі интербелсенді әдістерді енгізу арқылы оқытушылардың рөлін түбебейлі өзгерту аспектілері келтірілген. Оқытушыларды тек ақыл-ойды дамытушы ғана емес студенттердің жеке шығармашылық жұмыстарының жетекшісі ретінде көрсету жолдары қарастырылған.

Тірек сөздер: интерактивті оқыту түрлері, интерактивті оқыту әдістері, оқытушы рөлі, жаңа оқыту технологиялары.

Ключевые слова: формы интерактивного обучения, методы интерактивного обучения, роль преподавателей, современные технологии.

Keywords: methods, interactive the forms, the role of teachers, modern technology.

Қазіргі таңдағы технологиялардың дамыған кезеңінде инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл ауқымды мәселер жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында «оқыту жүйесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды ендіру керек» деп бекер айтпаған болар [1]. Нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсендіретін оқу/оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, ейткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдан «үйрету», «оқыту», «беру» емес, оның орнына «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады. Осы себептерге байланысты жоғары оқу орнында оқу процесінің негізін интербелсенді әдістемелер құрауы керек, әрбір оқытушы интербелсенді құралдар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінің төрінен көруі қажет.

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұйымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. «Интербелсенді» дегеніміз – диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші-үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші-өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («энгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенимдерін (қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу.

Бұл тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттердің аудиториясында ғана орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді [2, 33-34-б.]. Бұдан жасайтын қорытынды жоғары оқу орындарында интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін ұйымдастыруда студенттердің барлығын дәріс, семинар және өзіндік жұмыс сабактарында бірлескен таным процесіне белсенді араласуға, жеке студенттің өзінің үйренгені мен білімін ортаға

салып талқылау, өз ойларын талдауға, пікірталас, өз пікірін дәлелдеу және т.б. негізде ұйымдастыруға болады.

Интербелсенді оқу/оқыту-әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрену/үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаганы ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсөң – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!». Сол себепті де интербелсенді оқу/оқыту студенттердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелілігін студенттердің есте сақтау дәрежесімен өлшенбей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Үйрену/үйрету тәсілдері көп-ақ. Алайда олардың қайсысы тиімділігі тұрғысынан жоғары деңгейде? Төменде берілген Н. Сандерстің кестесінде оқу/оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдері көлтірлген.

Оқу/оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің 24 сағат ішінде есте сақталуы (Н. Сандерстің кестесі)

Тәсілдер	Есте сақтау мөлшері, %
Лекция	5
Оқу (мәтін, кітап оқу)	10
Аудио, видео құралдарын қолдану	15
Көрсетеу (жобалар, кестелер, басқа да көрнекіліктер)	30
Пікірталас	50
Практикалық іс-әрекеттер	75
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90

Назар аударғандай, монологқа құрылған немесе диктант ретінде түсінілеттін лекцияның тиімділігі өте төмен болады. Бұған қоса «диагональ» бойынша немесе еш белсенді әрекетсіз мәтін оқу да кереметтей нәтиже бермейді. Алайда оқу-белсенді әрі әлеуметтік әрекет. Студент тек ақпарат иемдену үшін ғана оқымай, берілген мағлұматтарды түсініп, талдап, олардың негізінде жана ой, идея құрастырып оларды бағалау қажет. Ол өз ұстанымдарын әр уақытта басқалармен бөлісуге мүдделі, өйткені білім игеру бірлескен әрекеттерден толыға түседі.

Интерактивті әдістерді қолдану арқылы интербелсенді дәріс, семинар сабактарында студенттердің белседілігін арттыру тиімді екендігі бәрімізге белгілі. Қазіргі кезеңдегі технологиялардың дамуы барысында ұстаздардың рөлін түбебейлі өзгерту мүмкіндігі туды, ұстаз тек қана білімді алып, жүруші ғана емес, сонымен қатар студенттердің өзіндік шығармашылық жұмысының же текшісі.

Интерактивті әдістерге: топпен жұмыс, пікір-таластар, проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, рөльдік ойындар, блиц-сұрақтар әдісі, кейс-стадийлер, миға шабуыл әдісі, викториналар, мини зерттеулер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі, анкета алу әдісі және т.б. жатады.

Көрсетілген интербелсенді әдістерді қолдану арқылы жоғары оқу орындарындағы дәріс, семинар (практикалық), студенттің өзіндік жұмыстар (СӨЖ) сабағын жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметтің артуына жағдай жасау, ғылыми-теориялық, педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, студенттерді елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Енді, біз ЖОО интербелсенді сабактарын өту жолдарына тоқталмас бұрын дәріс сабағына тоқталсақ, дәріс (лекция) сабагы дегеніміз – жаңа материалдағы негізгі теориялық мәселелердің мазмұны терең, жүйелі, бірізділікпен ашып көрсетіледі. Сондай-ақ дәрісте тың, маңызды жаңалықтар, түрлі көзқарастар мен даулы мәселелер нанымды түрде баяндалады. Дәріс тақырыбы неғұрлым айқын, проблемалы, пікірсайыс түрінде өтілсе, қойылған сұрақтарға дайын жауап болмай, оны студент өздігінен ізденіп тапса, сабактың тиімділігі жоғары болады [3, 10 б.].

Заманауи талаптарға сай соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың білім беру үрдісінде көң құлаш жаюы мен жаһандану заманында оқыту әдісі мен тәсілдері едауір өзгерістерге ұшырап,

жанашыл әдістер көптеп қолданылуда. Алайда білімді игеру процесін белсендіруде, студенттердің қызығушылығы мен көтерінкі мотивациясын тудыруда, кері байланысты қолдануда, эмоционалды қарым-қатынас құруда монологқа негізделген дәстүрлі дәрістің мүмкіншіліктері шектеулі. Дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген білім жиынтығын игерумен шектейді. Дәстүрлі дәрісте оқытушы ақпараттың негізгі көзі болғандықтан студенттер көбінесе оның айтқанын көшірумен болады. Мұндай әрекеттер студенттердің дәріс материалын терең менгеруіне жол бермейді: студенттер көп жағдайда өздерінің үйренуін дәріс мәліметтерін есте сактау, қайталау мен жаттығу әрекеттерімен ғана шектейді. Ал инновациялық қозқарас оку (үйреноудің) негізін тек пәндер ғана емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрауы керек деп түсінеді. Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келіп, білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді. Интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдану дәстүрлі дәрісті студенттердің белсенді әрекеттерінен құралған қызықты әрі тартымды танымдық процеске айналдырады. Интербелсенді әдіс бойынша дәрісте ақпарат дайын қүйінде берілмейді. Интербелсенді әдіс студенттерге қандай да бір тақырып немесе мәлімет бойынша бірлескен әрекеттер негізінде өзіндік пікір мен қозқарас қалыптастыруға бағытталады.

Дәріс сабагын оқытуда қолданылатын әдістерге әнгімелесу әдісі, түсіндіру әдісі, баяндау әдісі, әнгімелесу әдісі, проблемалық баяндау әдісі және тағы басқалар жатады. Жалпы жоғары оку орындарында «Универ жүйесіндегі» алдын ала оку жүктемесі негізінде бөлінген пән бойынша ОӘК-ні, яғни сол пәннің дәріс, семинар, студенттің өзіндік жұмыс, тест тапсырмалары, емтихан, реферат тақырыптары, пәнге байланысты барлық материалдары сайтқа салынып, онымен топ студенттерінің әрбірі пайдалана алады. Барлық материалдармен таныс студент дәріс сабағында, оқытушының баяндау, әнгімелесу әдістері арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын тудырмауы мүмкін, сондықтан оны белсенді, қызықты өту үшін оқытушы дәстүрлі емес әдістерді: топқа бөлу, тақырыпқа байланысты өзекті сұраптар қою, пікірталас әдістерін қоса қолданса аудиторияның барлығы толық қамтылып, оқытушы мен студент, студент пен студент арасында қатынас болып, әрбір студент өз ойын толық жеткізе алады, бір-бірімен пікір таластыра алады. Сонда ғана дәріс сабағы қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту – интерактивті әдістер арқылы студенттің белсенділігін арттырып, сабакқа қызығушылығы мен өз бетінше ізденушілігі арқасында жаңа дерек көздерімен жұмыс жасауға және оның белгілі бір тақырыпқа байланысты шығармашылық жұмыс жасауына жол ашады. Ал проблемалық баяндауда аудиторияға проблемалық ситуация жасау арқылы, проблемалық сұраптар мен тапсырмалар қою, танымдық тапсырмалар беру және оған студенттің жауап беруге немесе шешуге (әрекет жасауы) тырысуы жатады. Бұл арқылы студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал жасап, проблемалық ситуацияда игерген білімі мен біліктің нәтижесінде ол жаңа әдістерді немесе жаңаны іздеуге, талпыныс жасайды.

Дәріс сабагында оқыту үрдісі тиімді болу үшін З жақты қарым-қатынас болуы керек, олар: ақпараттық (ақпараттың берілу және сақталуы), интерактивті (біріккен іс-әрекетте өзара өсердің ұйымдастырылуы), перцентивті оқыту (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі).

Интербелсенді дәріс сабағында оқытудың интерактивті тәсілдеріне: ашық сұраптарды қою іскерлігі (біріккен дұрыс жауапқа алдын ала бағытталған жауапта емес, мәселе бойынша әртүрлі қозқарастарды айтуы); оқытушы дәріс беріп қана қоймай сонымен бірге студенттерге сабак барысында «дұрыс» және «дұрыс емес» көзқарастарын батыл, коркынышсыз айтуларына мүмкіндік беретін байтарап ретінде анықтауы, сабактың қалай және неге жүзеге асатының түсінуге көмек беретін сабакты өзіндік талдауға дайындық, қай жерде өзара әрекеттесу «тоқырап» қалды, бұл қандай жағдаймен байланысты болады; сабактың өту жағдайын, оның нәтижелігін қадағалауға мүмкіндік беретін ескертурлерді тіркеу болып табылады. Дәріс сабағында теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана студенттердің алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осында жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор деген ойдамыз.

Жоғары оку орындарында интербелсенді семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, пікірталас, оку пікірсайысы; «Сократтық ойындар», ойындық жобалау; ми шабуылы, дөңгелек үстел, конференция сабак және тағы басқалар жатады [1, 163 б.]. Көрсетілген интерак-

тивті әдістердің кейбірінің семинар (практикалық) сабакта қолданылуына токталып өтсек. Интербелсенді семинар сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты оқытылып отырған курстағы мәселелерді студенттердің менгеру деңгейін, олардың ұстанымдары қаншалықты нық екендігін анықтау және бүгінгі күндегі курделі, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шындау болып табылады.

Белсенді әдістердің семинар сабактарында пайдаланылатын тиімді түрлеріне: пікірсайыс семинар, семинар пресс-конференция болып табылады. Пікірсайыс семинардың бірнеше түрі бар, олар: құрылымдық немесе регламенттік пікірсайыс, ойындық модельдеу элементтермен сипатталатын пікірсайыс, жобалық мәселені талқылау болып бөлінеді. Жобалық мәселені талқылау пікірсайыс семинарға қатысатын әрбір студент ұшін, топтың алдын ала және тиянақты дайындығын қажет етеді. Сабактың нәтижелі, әрі қызықты болып өтуі үшін оқытушы семинардың мәселелері бойынша алдын ала опоненттерді дайындалған қояды. Пікірсайыс барысында оппонент студенттердің дайындалған мәселелерді шешу үшін студенттердің тақырыптың мәселелері бойынша толық дайындалуарына тура келеді.

Пікірсайыс семинарда тақырыптың көтеріп отырған мәселелері бойынша алдын ала дайындалған тезистер ұсынуға болады. Сондықтан студенттердің семинарда жұмыс жасауының белсенділігін арттыру үшін дискуссиялық мәселе бойынша екі түрлі пікірлерді ұсынатын баяндамалар, яғни біріне-бірі қарама қарсы баяндама жасауы туралы тапсырма берілуі қажет. Пікірсайыс семинарда дайындықтың негізгі кезеңі, басқа да семинар түрлеріне дайындық секілді студенттердің өз бетінше алғашқы дерек көздерімен және семинарға ұсынылатын әдебиеттермен тыңғыштықты жұмыс жасауы болып табылады. Пікірсайыс семинар сабағында жоспар бойынша қаралатын сұрақтардан да басқа жақсы құрастырылған және нақты шиеленіс тудыратын мәселеге байланысты қосымша сұрақтар бойынша студенттің ізденуі мен дайындалуына жол салады. Пікірсайыс семинар сабағының өту барысына токталсақ, ол алдымен диспут арқылы, яғни диспут – дегеніміз ол ойлардың қақтығысы, яғни белгілі тақырып бойынша топтарға бөлінген студенттер өз көзқарасын қорғап шығу болып табылады. Пікірсайыстың қызықты өтуі баяндамашыға байланысты, егер ол нақты мәселені дәл айтып, қажетті аргументтермен дәлелдей алса, аудиторияда көтеріліп отырған мәселені шешуге байланысты қызыгуышылдықтарын танытады. Ал студент пікірсайыстың барысын бақылап, егер теориялық тұрғыдан қателіктер болса бірден жөнделп отыруға міндетті. Көніл аударатын мәселе пікірлердің қысқалығына, мазмұндылығына және образдығына мән берілуі керек. Пікірсайыстың дұрыс бағытталуына нақты және уақытында қойылатын қосымша сұрақтарға да байланысты. Пікірсайыс семинар сабағына байланысты оқытушының сұрақтары: нақтылық, мағыналық және сұрақтың мәселеге байланыстылығы сияқты ережелерді ұстануы керек. Оқытушы пікірсайыс семинар кезінде айтылған дәлелдерге және идеяларға қайта орала отырып, қорытынды жасап, балдық жүйемен бағалайды.

Сонымен интербелсенді семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттің еркін ойлануына, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабактың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр студенттің білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, шығармашылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады. Интербелсенді әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Елбасы Н. Э. Назарбаев: «...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жана технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жана технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілерініз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп атап көрсеткендей, бүгінгі ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет жүктелгенін байқаймыз. Егер өткен уақыттарда таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгерту керек. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатқан жоғары оқу жүйесінде Балонъя үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуі талап етеді.

ӘДЕБІЕТ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан халқына Жолдау // Егемен Қазақстан, 27 қаңтар 2012 жыл.
- 2 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 3 Аймұхамбетова С.А. Интерактивные методы учебной деятельности // Қазақстан жоғарғы мектебі. – 2010. – № 1(83).

REFERENCES

- 1 Nazarbaev N.Ә. Әлеуметтік-jekonomikalyқ zhanfgyrtu – Қазақстан damuypuң basty baryty. Қазақstan halkyna Zholdau. Egemen Kazakstan, 27 qantara 2012 zhyl.
- 2 Әlimov A.Q. Interbelsendi әdistemeni zhoo-da қoldanu məseleleri. Almaty, 2013. 448 b.
- 3 Ajmuhambetova S.A. Interaktivnye metody uchebnoj dejatel'nosti. Қазақstan zhogartu mektebi. 2010. № 1(83).

Резюме

Ж. Ж. Кожамкулова, А. Н. Нусипбекова

(Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан)

ОБУЧЕНИЕ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ С ПОМОЩЬЮ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ

В статье рассматриваются формы и методы интерактивного обучения, которые применяются на занятиях со студентами. Раскрываются такие аспекты, как появление возможности основательно изменить роль преподавателей с помощью внедрения в систему ведения курса различных интерактивных методов, которые возникли в силу развития современных технологий, так и представление преподавателей не только в качестве кладеза ума, но и как руководителя самостоятельных творческих работ студентов.

Ключевые слова: формы интерактивного обучения, методы интерактивного обучения, роль преподавателей, современные технологии.

Summary

Zh. Zh. Kozhamkulova, A. N. Nusipbekova

(Kazakh state women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstan)

TRAINING IN INSTITUTIONS OF HIGHER EDUCATION USING INTERACTIVE METHODS

This article is devoted to interactive the forms and methods of online learning, which apply in the classroom. Reveals aspects such as the possibility of the emergence of fundamentally change the role of teachers through the introduction of the system of course a variety of interactive methods that have emerged due to the development of modern technology, and the idea of teachers not only as a treasure trove of mind, but also as a leader of independent creative work students.

Keywords: methods, interactive the forms, the role of teachers, modern technology.

Поступила 05.05.2014 г.